

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 15 қыркүйектегі N 548 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 14 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3893. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 15 қазандағы № 842 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 15.10.2015 № 842 бұйрығымен.

Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 323 бұйрығынан үзінді:

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы заңының 40 - б а б ы н а с ә й к е с Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 15 қыркүйектегі N 548 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде N 3893 болып тіркелген) 2-тармағының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

-----  
"Қолданыстағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдерге оларда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жағдай туғызатын нормалардың болуы тұрғысында тексеріс жүргізу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 8 сәуірдегі N 82-өккімін іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1 . < \* >

Ескерту: 1-тармақ алынып тасталды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 263 бұйрығымен .

2. (Күші жойылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 323 бұйрығымен)

3. "Жол полициясы бөлімшелерінің жол қызметі саласындағы ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыруы және жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіруі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер

министрінің 2002 жылғы 21 ақпандағы N 103 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1797 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің N 3582 болып тіркелген 2005 жылғы 16 наурыздағы N 168 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулары бар) бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жол полициясы бөлімшелерінің жол қызметі саласындағы ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыруы және жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіруі жөніндегі нұсқаулықта:

барлық мәтін бойынша "кешендік тексеру", "кешенді тексеруді", "кешенді тексерулердің", "кешенді (тоқсандық) тексеру", "бақылау тексерулер", "бақылаулық тексерулер", "тоқсандық тексерулерді" деген сөздер тиісті септіктерде "кешенді байқау", "қорытынды тексеру", "тоқсандық тексеру" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-тармақтағы "сәйкессіздігі анықталса," деген сөздерден кейін "тексеру актісі жасалады және" деген сөздермен толықтырылсын.

4. Жол полициясы департаменті (Ө.Т.Түсімов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын Қазақстан Республикасы Ішкі істер вице-министрі полиция генерал-майоры А.Ж.Шпекбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің Жол полициясы департаментіне (Ө.Т.Түсімов) жүктелсін.

6. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*